

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 26 – 30 қаңтар



2026 жылғы 26 – 30 қаңтар

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Нарықтар: апта қорытындысы

02



Алтын мен күміс

03



Жаһандық нарықтар

АҚШ нарықтарындағы апта ФРЖ шешімдері мен екіұшты макроэкономикалық статистика аясында өтті. **S&P 500 индексі 7000 тармақтан жоғары көтеріліп, бір күндік максимумды жаңартты, бірақ бұл деңгейде орныға алмай, аптаны төмендеумен аяқтады.**

Инвесторлардың сұранысы неғұрлым тұрақты компанияларға ауысты, ал өсімге бағытталған акциялар қысымға ұшырады. Шағын және орта капиталдандыруы бар компаниялар да нарықтан әлсіз көрінді. Секторлар арасында коммуникациялық қызметтер мен энергетика ерекшеленсе, денсаулық сақтау секторы қысымға ұшырады.

Макроэкономикалық деректер әлі де тұрақты еңбек нарығында тұтынушылардың көңіл күйінің суығанын көрсетті. Қаңтар айында тұтынушылардың сенім индексі күрт төмендеп, үй шаруашылықтарының экономиканы бағалаудағы сақтығы артқанын көрсетті. Бұл ретте жұмыспен қамту жағдайы тұрақты күйінде қалды: жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға берілген өтінім саны айтарлықтай өзгерген жоқ, ал жалғасып жатқан өтінімдер өткен жылдың күзінен бергі ең төменгі деңгейге дейін төмендеді. Өндірістік секторда ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларға тапсырыстар қалпына келгенімен, өндірушілер деңгейіндегі инфляциялық қысым негізінен қызмет көрсету секторының есебінен күшейе түсті.

ФРЖ мөлшерлемелерді бірқатар төмендеткеннен кейін үзіліс жасап, ақша-кредит саясатының параметрлерін өзгеріссіз қалдырды. Реттеуші экономиканың тұрақтылығын және инфляцияның әлі де жоғары деңгейде екенін атап өтіп, алдағы шешімдерде икемділік сақталатынын атап өтті. **Кевин Уорштың ФРЖ төрағасы лауазымына ұсынылғаны туралы жаңалық инвесторлардың назарын аударды,** бұл болашақ саясат бағытқа қатысты белгісіздікті күшейтті.

Негізгі индекстер

Қор нарығы	Соңғы мәні	апта, %	YTD, %
S&P500, АҚШ	6 939,03	0,34%	1,17%
Dow Jones, АҚШ	48 892,47	-0,42%	1,05%
NASDAQ, АҚШ	23 461,82	-0,17%	0,97%
KASE, Қазақстан	7 702,60	4,30%	9,55%

Борыштық нарық	Соңғы мәні	апта, %	YTD, %
АҚШ 10 жылдық	4,24	0,24%	1,12%
АҚШ 30 жылдық	4,88	0,93%	0,09%

Валюта нарығы	Соңғы мәні	апта, %	YTD, %
DXU	96,99	-0,62%	-1,46%


Шикізат нарығы	Соңғы мәні	апта, %	YTD, %
Алтын	4 865,35	-2,36%	12,35%
Күміс	84,70	-17,74%	16,58%

Баға 30.01.2026ж. жағдай бойынша өзекті.

Қаңтар айындағы бағалы металдар нарығындағы ралли пайданы тіркеумен алмасып, алтын мен күміс бағасының түзетілуіне әкелді және тау-кен өндіруші компаниялардың акцияларына қысым көрсетті. Нәтижесінде құбылмалылық қор нарықтарында да, әсіресе доллардың нығаюы мен АҚШ-тағы мөлшерлемелер бойынша күтулердің өзгеруі аясында күшейе түсті.

Бұл ретте нарық қатысушылары болып жатқан үдерістерді трендтің ауысуы ретінде емес, **шамадан тыс қарқынды өсуден кейінгі үзіліс** ретінде қабылдауда. Түзету нарықты алыпсатарлық позициялардан «тазартты», ал алтын бағасы әлі де жыл басындағы деңгейден едәуір жоғары. Жаһандық экономикалық және фискалдық белгісіздік жағдайында бағалы металдардың ұзақмерзімді тартымдылығы сақталуда, ал ағымдағы динамиканы инвесторлар өсім тренді аясындағы уақытша тынығу ретінде жиі қабылдайды.

Алтын: жылдық кірістілік және 2000 жылдан бергі ең жоғары шегі, %



Еуропа. Еуропалық нарықтар сауда және геосаяси тәуекел сақталғанына қарамастан, корпоративтік пайда бойынша оптимизм аясында аптаны қалыпты өсіммен аяқтады. Елдер бойынша динамика әркелкі болды: **Германия мен Франция әлсіздеу көрінсе, Италия мен Ұлыбритания өсім көрсетті.** Еуроаймақ экономикасы біртіндеп қалпына келуін жалғастыруда, ал 2026 жылдың басында іскерлік және тұтынушылық көңіл күй жақсарды. Бұл ретте Германия ауқымды экономикалық және бюджеттік шараларды іске асырудағы кідірістерді алға тартып, өсім болжамын төмендетті, ал Ұлыбританияда тұрғын үй нарығында қысым сақталып отыр.

Жапония. Жапондық қор индекстері иенаның нығаюы және жасанды интеллектке салынған инвестицияның тұрақтылығына қатысты күмәндану аясында төмендеді. **Саяси белгісіздік пен салық бойынша жеңілдікті талқылау салдарынан валюта құбылмалы болып қалды,** ал билік алыпсатарлық әрекеттерді тоқтатуға дайын екендігі туралы риториканы күшейтті.

Қытай. Жалпы алғанда Қытай нарықтары айқын трендсіз қозғалды: материктік индекстер нөлге жуық ауытқыды, ал Гонконг нарығы анағұрлым мықты көрінді. Осы тұрғыда өңірлік билік өсім бойынша күтулерді қайта қарастыруда – негізгі экономикалық орталықтарды қоса алғанда, көптеген провинциялар 2026 жылға арналған ЖІӨ өсімі бойынша мақсаттарын төмендетті, бұл экономиканың болашағына қатысты неғұрлым сақтықпен қарауды көрсетеді.

Шолуды дайындаған: Құттығұл Сырым



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.